



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

**ЖҮСІП БАЛАСАҒҰННЫҢ «ҚҰТТЫ БІЛІК» ШЫҒАРМАСЫ
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТ,
БИЛІК ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІГІНІҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ**

Талапқанұлы Ераман

eraman99@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Журналистика факультеті, I курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - г.ғ.м., Сыздық С.Қ.

Заман ағымы жаңа технологиялармен толығып, адами құндылықтар артта қалып жылжуда. Осы орайда елбасымыздың рухани жаңғыру бағдарламасы өте керек уақытында дүниеге келді. Қоғамдағы өз орнын таппай жүрген мәдени құндылықтарымыздың біразының жарыққа шығуына жол ашылды. Сонымен қатар ежелден мұра болып қалған рухани қордың біршамасы қайта жаңғыруда. Нәтижесінде көптеген игі іс шаралар жүзеге асуда.

Елбасымыз көрсетіп отырған 30 елдің қатарына кіру үшін тек материалдық байлық жеткілісіз. Қоғамның интелегентті жастарының қалыптасуы үшін ой-сананың дамып жетілуі мемлекеттің дамуына айтарлықтай әсер етеді. Нұрсұлтан Әбішұлы айтып отырғандай күллі әлем көз алдымызда өзгеруде. Уақыт неғұрлым өткен сайын өзгерген әлемде адамдар арасындағы сана – сезім, дүниетанымыз неғұрлым кең болғаны дұрыс. Осы орайда Жүсіп Баласағұнның «құтты білігі» таптырмас қару. Оның тәрбиелік, нормалық формалары қай кезеңдеде өз күшін жоймайды. Айтылып отырған ақыл кеңестері кез келген дәуірдің адамзат баласына сәйкес келеді. Былайша айтқанда – «универсал» кітап.

Жалпы рухани жаңғыру дегеннің өзі адамның өзінің ішкі адами құндылықтарының артуы, білімінің молаюы, жаратылыс иесінің кең ойлауға қабілетінің артуы. Қазақ халқының ежелден келе жатқан шырайлы тілге бай әдеби мұралары қазіргі рухани жаңғыруға өзек бола алады. Соларың бірі әрі бірегейі, осы «Құтты білік». Дастан тек әдебиеттің жауһар туындысы болып қалмауы керек. Әр жолдары тұнып тұрған ғақлияларға толы болғандықтан әр шаңырақтан орын алуға тұрарлық туынды. Ұлттық ой сананың қалыптасуы бұл жастар тәрбиесіне тікелей байланысты екенін ескерсек және мектеп бағдарламасына тәрбие негіздері ретінде осы құтты білікті енгізген жоғарыда айтып отырған рухани жаңғыруға бастама болар еді.

XI ғасырдың басында жазылған аса ірі дастандардың бірі әрі бірегейі Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны мазмұны жағынан тәлімдік ойлар мен педогогикалық көзқарастары осы күнге дейін өз күшін жоймай келеді. Сондықтан болар бұл еңбек ғалымдар тарапынан талданып әрі зерттеліп келеді. Ғұламаның еңбегінде ел басшылары, хәкімдерді, мұғалімдерді, ата – аналарды, бір ауыз сөзбен айтқанда адам баласының тәрбиесі негізге алынады. Ойшыл отбасының қоғамдағы орнын жете бағалай білген. Ғалым Әтемова көрсеткендей мазмұнындағы тәрбиелік деген көзқарас бүгінге дейін өз құнын жойған емес. Отбасы тәрбиесі сол шаңырақтың құрылуынан басталады. Жастардың үйленуі және салт – дәстүрдің орындалуы ұлттық негіздің тірегі. Осыдан бастау алатын түркі халықтарының өмірі күрделене түседі. Түркі тілдес халықтардың төл тілінде жазылған рухани ескерткішадамға қатысты қажеттіліктер хақында баяндайды. Отбасымен қатар ел билеу хақында айтқан ойлары ешқашан өз күшін жоймақ емес.

Бектің міндеттері хақында. «Ни то, ни другое произведения не является историческими трудами и не содержат каких-либо сведений о политической истории своего времени», - деп көрсетеді С.Г. Кляшторный мен Т.И.Султанов «Казахстан, летопись трех тысячелетий» атты кітапта. Тарих бар. Демек мемлекет бар. Ал мемлекет басында біреу болу керек. Біздің

жағдайымызда ол Күнтуды Елік. Жүсіп Баласағұн ел билеушіні құт санайды. Соған байланысты бектердің һәм ел билеушілердің міндеті мен парызын көрсеткенді. Оның айтуынша ел басқарып отырған адам ең бірінші саясатты жақсы меңгеруі шарт. Бұл ең бастысы. Осыған дейінгі түркі тектес мемлекеттердің басшыларының көпшілігі саясатты жақсы меңгерген. Сонымен қатар олардың әр қайсысы білікті стратег қолбасшы болған.

Егер тарихқа сүйенсек Батыс Түрік қағанатында бектер қағандардың жергілікті жерлеріндегі негізгі тірегі ретінде көрсетіледі. Ал кейіннен Оғыз мемлекеті тұсында мемлекетті жоғарғы басқарушы жабғу болғанымен кейінгі билеушілердің басым көпшілігі «хан» атала бастағандығын байқаймыз. Бұл сол кезеңдегі саяси жағдайға байланысты болса керек. Алайда «бек» атауы сол қалпын өзгертпей X – XII ғасырлардада белгілі бір аймақтағы тірек, ілік-хандар ретінде сақталып қалды. Ал кейбір деректерде ежелгі түркі қауымдастығында олар қолбасшылық дәрежесін иеленген әскери шенеуніктер. Ал енді бір бөлігі сот билігін басқарған. Жалпы дастанда бектіктің деңгейі қаншалықты екендігі аша айтылмасада, сол тұстағы бектердің саяси ықпалының молдығы көрсетіледі. Олар феодализм заманында болғандықтан, олардың белгілі бір титулдық дәрежені атадан мұраға алатындығы жақсы көрсетілген. Белгілі бір білім деңгейін меңгерген бектердің қоғамда алар орныда соншалықты мол болған көрінеді. Олар кедейлерді орташаларға, ал орташаларды байларға бағындыру міндетін арқалаған. Сөйтіп бір ауыз созбен айтқанда жалпы халықты басқарған ханның немесе қағанның өкілі. Сондықтан Баласағұн олардың бойынан табылуы тиіс қасиеттерді көрсетеді. Олар: 1) білімділік

2) зеректілік

3) қырағылық

4) сақилық. Сонымен қатар дастанда бек болар адамға мың қасиет қрек деп көрсетіледі.

Білімділік дегеніміз не? Білімділік деген ол тәжірибиені меңгерген дамыған тұлға. Білімділік адамның алған білімімен өлшенбейді. Оның өздігінен логикалық пайымдау деңгейі. Бек болар адамның логикалық ойлау қабілеті оның саяси тұрғыда һәм қоғам алдындағы беделін арттырады. Кез келген жағдайға ссын көзбен қарай білуде осы білімділік пен сақтыққа жатпақ. Ал зеректік ақыл ойдың ұшқырлығы. Адамның психикалық әрекетіндегі ұғу, қабылдау, сезіну, ойлау талдау мен біріктіру, салыстыру мен пайымдау сияқты амал тәсілдермен тығыз байланысты. Бұл бек адамға өте қажет қасиеттердің бірі болып табылады. Бұл қасиет ғасырлар бойы келе жатқан тарихымыздағы айшықты қасиеттердің бірі әрі бірегейі. Бек адамның зерек болуы оның әсіресе өзінің билеп отырған аймағының болашағына тікелей қатысты. Кез – келген қателіктен сабақ ала білу адамның білім деңгейінің артуына себепші.

Осы сияқты жағдайлармен қатар бектердің саясаткер болуы өте маңызды. Айналада болып жатқан кез – келген оқиғаның әсері болады. Егер оқиға деңгейі белгілі бір межеден асса ол мемлекет жағдайына тікелей қатысты болып табылады. Саясаткерлік қасиет кез – келген шет елдермен қарым-қатынаста керекті қасиет. Бұл сонымен қатар ел дамуына айтарлықтай үлесі бар. Саясатты меңгерген адам сауда – саттық, әскери, қоғамдық жағдайларды жіті қадағалап отыру арқылы белгілі бір өлшемде қызмет атқарады. Сонымен қатар ел билеу ісінің ауыртпалығы туралы дастанда кеңінен баяндайды.

«Ел басқардым дегенше, өртке кірдім дегейсің,

Уайым, мұң жүгінен төрт бүгілдім дегейсің.»

Деген жолдардан қай заман болмасын ел билеудің қаншалықты машақатқа толы жұмыс екендігін көреміз. Әрбір бек өз айналасындағы өзіне қызмет атқарар адамдарды дұрыс таңдай алуы қажет. Себебі оның берілген әрбір бұйрығы екі қайталанбауы шарт. Егер айналасына ойы арамдар, ашкөздермен сараңар жиналатын болса ол мемлекеттің қирауына тікелей себепші болады.

Бектің ақылшысы уәзір хақында. Уәзір бұл – қазіргі депутат, министрлер. Дастанда уәзірдің атқаратын қызметі туралы айшықталып тұрып жазылған. Түрік қағанатының кезінде уәзірлерді – жабғу деп атаған. Бірақ кейіннен жабғу атауы оғыз кезеңінде жоғарғы билік атауын

көрсеткенін байқаймыз. Ал уәзірлер – күл еркіндер деп аталды. Сонымен қатар, Қаңлы мемлекеттік бірлестігінің басында Уын әулетінен шыққан патшалар тұрды, олар «би» немесе “ябғу” деген титулға ие болды. Ал қарахандар мемлекетінде уәзірлер уәзір болып қалғанын байқаймыз. Бұл уақыт өткен сайын уәзір деген атау өзгеріске ұшырап отырған. Ол мемлекеттердің алмасуымен түсіндіріледі.

Ол бектің қасындағы тек ақылшы кеңесші ретінде ғана емес, сонымен қатар белгілі бір жағдайларды шешуге ықпалды адам болып табылады. Ел билеушінің елді қалай билеуі осы уәзірлерге тікелей байланысты болмақ. Сондықтан болашақ уәзір көпті көрген білімді әрі саки жан болуы талап етіледі. Ондай адамдардың тоқкөздігіде аса назарға алынған. Бұл өз кезегінде мемлекетті басқаруда тура жолдан айнымауға себепші. Дастанға сүйенсек олардың шыққан тегі өте маңызды. Себебі текті жерден шыққан адам шамасы ар – ұятқа берік келетін көрінеді. Егер уәзір қателесетін болса барлық жаман атаулы тек басшысына һәм бекке келмек. Сондықтан істеген ісін аңдып уәзірдің өзі қадағалап отырған жөн.сонымен қатар билікке келгелі отырған уәзір есеп-қисапқа берік болуы керек. Дастанға сүйенсек уәзірдің барлық ісі тікелей есеп-қисапқа байланысты. Сондықтан уәзір адам үнемі сақ болуы керектігі айтылған. Сонымен қатар олар бектің істерін хатқа толтырып ресмилендіріп отырса керек. Олар жылнамашы қызметін бірге алып жүрген көрінеді. Егер уәзір жақсы болса онда елде көркейетін. Жақсы уәзір олар бектердің досымен пара- пар келген.

Әскер басшылары туралы. Ел басының тағы бір мәселесі бұл – жерді қорғау. Бек біреу болғандықтан барлығына бірдей шамасы келмейтіндіктен қасында әскербасыларын ұстаған. Олар Түрік қағанатында – «түменбасы», оғыздарда – «сыюбашы». Ал қараханидтер ұсында әскербасы болған. Дастанда ондай адам басынан көпті көрген мықты стратег болуы керектігі жазылады. Оның психологиясы сабырлы әрі салқынқанды болуы керек. Әскер басының даңқы өте маңызды болған. Себебі белгілі жағдайларда ол өз септігін тигізеді. Соғыс барысында бұл артықшылық болып саналады. Сондықтан мұндай маңызды лауазымға арнайы бұрыннан атақ – даңқы шыққан адамдар қойылған. Кей жағдайда бұл титул мұрагерлікпен беріліп отырды. Бек әскербасының маңайындағы адамдарды да қадағалап отырған. Себебі олардың кез – келгені белгілі бір саяси құпияларға жауапты болды. Демек әскербасы жақсы саясаткер болады.

Әскербасылар үнемі жорықта жүретіндіктен олардың қару – жарағы түгел болуы, ас – тұзының толықтығы, астына мінер аттары түгел сайма – сай болуы міндеттелген.

Дастанда тағы бір айтылатыны әскер саны. Олардың көптігі белгілі бір қиыншылықтарға әкелетіндігіне жіті назар аударылған. Арнайы жасақтар құру идеясы бұл ұтқыр шешімдердің бірі. Сонымен қатар әскерде тыңшылар мен барлаушылардың маңыздылығы жақсы көрсетілген.

Соғыста жеңілген жақтың әскерін қуу не қумау туралыда айтылады. Бұл өте орынды. Бұл қарсыластың әскери тактикасы болуы мүмкін. Егер шыныменде солай болатын болса онда үлкен шығынға ұшырамақ. Соғыстың ұзаққа созылуы да қауіпті. Себебі неғұрлым ұзаққа созылса соғұрлым әскери деректер жау қолына түседі. Кезіндегі ІІ дүниежүзілік соғыс кезіндегі қауырт соғыс идеясыда осында жатыр.

Мемлекеттегі көтерілістердің ішіндегі ең қауіптісі ол әскери – сарбаздардың көтерілісі. Дастанда ондай жағдайға жеткізбеу туралы айтылған. Мұндай жағдайдан шығу өте ауыр, әрі зардаптарыда терең. Сондықтан бағынбаған сардарларды уақытылы жазалап отыру керек дейді.

Елші қандай болу керек. Елшілер дайындау өте ықылым заманнан бері келе жатқан дәстүр һәм қажеттілік. Елшілік — бір мемлекеттің екінші мемлекеттегі елшісі басқаратын дипломатиялық өкілдігі. Елшілікті төтенше және толық құқылы елші басқарады. Елші – хаттамалық қатынас бойынша ең жоғарғы дәрежедегі дипломатиялық өкілдіктің басшысы. Елшілік құрамына елшіден басқа ресми дипломатиялық қызметкерлер және қызметшілер енеді. Дастанға сүйенсек елші болар адмның бойынан зеректік, сергектік, сабырлылық, шешендік, біліктілік табылуы тиіс. Сонымен қатар ол керемет политик болуы шарт. Елшілік жоралғысы

барысында екі елдің тағдыры шешілетіндіктен олардың мойнына ауыр жүк артылады. Екі тарап арасында белгілі бір көлемдегі шарттар мен талаптар қойылатындықтан тапқырлық пен жағдайды жете түсіне білген елшілер өте жағары бағаланады, сөзін байланысты дәрежесіде арта бермек. Сонымен қатар елшілер керемет психолог болуы шарт. Және ол қарсыластың жағдайын шамамен болсын болжай білуі тиіс. Әрбір сөйлеген сөзі екі тарапқа да қолайлы жағдайға әкелуі мақсат.

Дастанда сөз қадірінің елші үшін қаншалықты маңызды екендігі айтылады. Дипломатиялық қатынастарда анық әрі аз сөйлеу арқылы, көптеген жетістіктерге жетуге болады. Сонымен қатар елші патша орнына кейбір шешімдерді де қабылдай білгені жөн. Бірақта қойылып отырған шарттардан бектің хабардар болғаны маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Әдеби жәдігерлер» 5 том; А.:Таймас, 2007.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.М. Казахстан летопись трех тысячелетий. А.: Рауан, 1992.
3. Әтемова Қ.Т. IX – XII ғасырдағы ұлы ойшылдардың отбасы тәрбиесі туралы ой – пікірлер. Астана, 2007
4. Жарықбаев Қ., Озғанбаев Ә., Қазақ этнопсихологиясына кіріспе. А.:Астана Медиа Пресс, 2014.

ӘӨЖ: 94 (574)

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ РУХАНИЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Тоқтыбаева Анель Асылханқызы

toktybaeva.anel@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, экономика факультеті, 1 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі-Н.Е.Сайлаубаева

«Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де,
болашақтың дидарын көзге елестету үшін де
кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек»
Н.Ә.Назарбаев

Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші болып табылады. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасып, ар-ұждан, адамның өзін-өзі бағалау өсіп және адами құндылықтарының сапалары арта түседі. Ал, бұл болса адамды мейірімділікке, ізгілікке, қайырымдылыққа баулиды. Осындай игі қасиеттерді еліміздің ертеңі жас ұрпақтың бойына сіңдіру, адамгершіліктің негізін қалыптастыру аса қажет. Бұл ретте қазақ зиялыларының руханилықты қалыптастыруда болашақ ұрпақ еншісіне қалдырған мәңгілік рухани қазынасы өшпес мұра.

Осы жолда халқына адал қызмет еткен қазақ зиялылары қалыптасу барысында төрт кезеңді бастан кешірді деуге болады. Ол 1850-1905жылдар аралығындағы бірінші кезең ағартушы зиялыларды қамтиды. XIX ғасырдың орта тұсынан бастап Ресейдің ғылым ордаларынан, ойшылдарымен ой-пікір, көзқарастарын бөліскен Абай Құнанбаев, Шоқан Уалиханов, Ыбырай Алтынсарин, Шәкірім Құдайбердіұлы сынды ұлт зиялылары қазақ